

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдары туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2022 жылғы 21 шілдедегі № 594/қе-қа бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2024 жылғы 17 тамыздағы № 114/қе бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдары туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2022 жылғы 21 шілдедегі № 594/қе-қа бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 170029 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті туралы ереженде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Департаменттің құрылымын және штат санының лимитін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҰҚК Төрағасы бекітеді.

Департамент оның құрылымын құрайтын басқармалардан, бөлімдерден, бөлімшелерден, топтардан тұрады. Оның құрамына мынадай оқшауланған құрылымдық бөлімшелер кіреді:

1) Алакөл аудандық бөлімі. Қызмет көрсету аймағы – Жетісу облысының Алакөл ауданы;

2) Алакөл аудандық бөлімінің Достық бөлімшесі. Қызмет көрсету аймағы – Жетісу облысының Достық ауылдық округі;

3) Қаратал аудандық бөлімі. Қызмет көрсету аймағы – Жетісу облысының Қаратал және Көксу аудандары;

4) Панфилов аудандық бөлімі. Қызмет көрсету аймағы – Жетісу облысының Панфилов ауданы;

5) Панфилов аудандық бөлімінің Қорғас бөлімшесі. Қызмет көрсету аймағы – Жетісу облысы Панфилов ауданының Атамекен және Басқұншы ауылдық округтері;

6) Сарқан аудандық бөлімі. Қызмет көрсету аймағы – Жетісу облысының Сарқан және Ақсу аудандары;

7) Текелі қалалық бөлімі. Қызмет көрсету аймағы – Жетісу облысының Текелі қаласы, Ескелді және Кербұлақ аудандары."

14-тармақтың 1) тармақшасында:

мынадай мазмұндағы отыз алтыншы, отыз жетінші абзацтармен толықтырылсын:

"Департамент қызметкерлеріне арнайы тексеру жүргізу;

Қазақстан Республикасының азаматтарын ерікті негізде штаттан тыс жедел қызметкерлер ретінде тарту;"

14-тармақтың 2) тармақшасында:

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа да күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу;"

он сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік қызметке алғаш рет немесе мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін оған қайта кіретін, сондай-ақ судья, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшісі, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметшісі, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның авиациялық қауіпсіздік саласында бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын авиация инспекторы лауазымына орналасуға үміткер Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, шекте және тәртіптен міндетті арнайы тексеру жүргізу;"

жиырма үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Департаменттің жедел-қызметтік әрекетін психологиялық-әлеуметтанушылық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;"

мынадай мазмұндағы жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші абзацтармен толықтырылсын:

"хабарланған алдын ала ескертулерді есепке алуды жүргізу;

Департаментте кадрлық құрамды патриоттық, адамгершілік және рухани тәрбиелеуге және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған жұмысты жүзеге асыру;

Департаментте жауынгерлік кезекшілікті ұйымдастыру және атқару;

Департаментте жауынгерлік қызметті ұйымдастыру және атқару;

Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен ҰҚК Төрағасының актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру."

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Кадрлар департаменті заңмен белгіленген тәртіпте осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және оған енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдасын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Жетісу облысы бойынша департаменті осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген өзгерістер мен толықтырулар туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тиісті аумақтық органдарын бір ай мерзімі ішінде хабардар етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
Төрағасы ұлттық қауіпсіздік
генерал-лейтенанты*

Е. Сағымбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК